



ШЕШІМ

11.12.2020

Нұр-Сұлтан қаласы

РЕШЕНИЕ

№ 552/77-VI

город Нур-Султан

**Нұр-Сұлтан қаласын газдандыру
бағдарламасын іске асыру барысы туралы**

Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары Е. А. Қизатовтың Нұр-Сұлтан қаласын газдандыру бағдарламасының іске асырылу барысы туралы баяндамасын тыңдап және талқылап, мәслихат сессиясы жергілікті атқарушы органның Нұр-Сұлтан қаласын газдандыру бағдарламасын іске асыру бойынша қажетті шаралар қабылдап жатқанын атап өтті.

Газ тарату желілерінің құрылысы, сонымен бірге квартал ішіндегіні қоса алғанда, техникалық-экономикалық негіздеме бойынша үш кезекке бөлінген, олардың құрылыс құны 44,6 млрд. теңгені құрайды.

Тоғыз іске қосу кешені бар жобаның бірінші кезегінің құрылысы 2019 жылдың күзінде басталды. Жобаның бірінші кезегінің жалпы құны 20,6 млрд теңгені құрайды.

Жобаның екінші және үшінші кезегі бойынша жобалау-іздістіру жұмыстары жүргізілуде. Жобаның екінші және үшінші кезеңдерін іске асыру мерзімі республикалық және жергілікті бюджеттердің есебінен, сондай-ақ жеке инвестицияларды тарта отырып 2021 жылдан 2023 жылға дейінгі кезеңге жоспарланған.

«Мичурино», «Интернациональный», «Күйгенжар» тұрғын алаптары (екінші кезең) «ҚазТрансГазАймақ» АҚ есебінен газдандырылатын болады.

Бірінші және екінші іске қосу кешендері үшін (жеткізу желілері ЖЭО-1, ЖЭО-2), үшінші іске қосу кешені үшін («Көктал» тұрғын алабына газ құбырын жеткізу), жетінші іске қосу кешені үшін («Железнодорожный» тұрғын алабы), жұмыстар аяқталды, Сенімгерлік басқару шарты бойынша желілер «ҚазТрансГазАймақ» АҚ-на берілді.

«Көктал-1», «Көктал-2», «Агроқалашық» тұрғын алаптарында газ тарату желілерінің құрылысы 3-6 іске қосу кешендері аясында жалғасуда. Төрт газ бақылау пунктін жеткізу аяқталды, мыналардан жасалған: болат – 9,1 км, полиэтилен – 150 км газ құбыры тартылды.

7-9 іске қосу кешені аясында "Железнодорожный", "Промышленный", "Юго-Восток" тұрғын алаптарын газбен жабдықтау жүргізілуде.

Қазіргі уақытта мыналардан жасалған: болат – 4,1 км, полиэтилен – 95 км газ құбыры тартылды.

Ағымдағы жылдың соңына дейін кешендердің құрылысы аяқталады: 4 іске қосу («Көктал-2», «Агроқалашық» бөлігі), 6 іске қосу («Көктал-1») әрі қарай «ҚазТрансГазАймақ» АҚ-на беру арқылы.

2021 жылдың тамызына дейін басқа кешендер де пайдалануға беріледі: 5 іске қосу («Агроқалашық»), 8 іске қосу («Агроқалашық» сол жақ жағы), 9 іске қосу («Юго-Восток» оң жақ жағы).

Тиісінше, 9 іске қосу кешенімен құрылыстың бірінші кезеңін аяқтау 2021 жылдың тамызына жоспарланған.

Қолданыстағы ЖЭО-1, ЖЭО-2 және 19 әлеуметтік нысандарды газға көшіру бойынша жұмыстар жүргізілуде. Ағымдағы жылы ЖЭО-2 газдағы бір қазандықты, ал ЖЭО-1-дегі үш қазандықтың жұмысын қамтамасыз етуді жоспарлап отыр. 2021 жылы ЖЭО-2-де бес қазандық, ал ЖЭО-1-де жеті қазандық болады.

Ағымдағы жылдың 30 қазанында Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитеті «ҚазТрансГазАймақ» АҚ Астана филиалы үшін тарифті бекітті, яғни 2020 жылдың 1 қарашасынан бастап пайдалануға берумен Нұр-Сұлтан қаласы үшін тауарлық газға 1 текше метр үшін ҚҚС-сыз 30,9 теңге мөлшерінде, ал ҚҚС-ты ескере отырып (1 текше метрге 34,6 теңге) мөлшерінде.

Сонымен бірге, жергілікті атқарушы органның Нұр-Сұлтан қаласын газдандыру бағдарламасын іске асыруды қамтамасыз ету бойынша қабылдаған шараларына қарамастан, мәслихат сессиясы бұл салада шешімін табуды қажет ететін бірқатар проблемалар бар екенін атап өтті.

Қазақстан Республикасының «Газ және газбен жабдықтау туралы» Заңының талаптарын орындау үшін, газ жабдығын өрт және жарылыс қаупін болғызбау мақсатында дұрыс пайдалану үшін газ жабдықтарын орнатпас бұрын, оны пайдалану қағидалары туралы, оның ішінде газ жабдығына техникалық қызмет көрсету туралы шарт жасасу міндеттемесін түсіндіре отырып, егжей-тегжейлі нұсқаулықтар орындалуы қажет. Бұдан басқа тұрмыстық және коммуналдық тұтынушыларға арналған газбен жабдықтау жүйелерінің, газ тұтынатын жүйелердің және газ жабдықтарының қауіпсіз жұмысына қойылатын талаптардың орындалуын қамтамасыз ету, үй ішіндегі газбен жабдықтау жүйесінің техникалық жағдайын үнемі тексеріп отыру, газдың шығып жатуын бақылайтын датчиктерді орнатуды қамтамасыз ету бойынша жұмыстарды ұйымдастыру қажет.

Қаланы газдандыру жобасы халықтың өмір сүру сапасын арттыруға, қаланың экологиясын жақсартуға бағытталған, сондықтан да алға қойылған мақсаттарға жету және өзін-өзі ақтау үшін жоғары деңгейде жүзеге асыруды талап етеді.

Қазіргі уақытта тұтынушылардың аз бөлігі газға қосылды, осыларға басқа себептермен қатар газ жабдықтарын сатып алуға, желіні объектіге алып

келуге және коммуналдық қызметтерге шығындардың жоғарылауына да байланысты болуы мүмкін себептер ықпал етеді.

Қала азаматтарының белгілі бір санатына жыл сайын жылыту маусымында қатты отын сатып алғаны үшін 16 АЕК мөлшерінде өтемақы төленеді, ал бұл санаттағы азаматтарға газдандыру бойынша әлеуметтік көмек бір реттік болып табылады, бұл қатты отынды пайдалануға артықшылық беруі мүмкін. Осыған байланысты газдандыруға тұтынушылардың кең ауқымын қамтуға мүмкіндік беретін, соның ішінде газ жабдығын сатып алуға бөліп төлеу механизмін қосатын, барлық санаттағы азаматтар үшін қосымша механизмдерді қарастыру ұсынылады.

Елордада газ тарату желілерін салу мерзімдері өзгеріске ұшырап, тұрғындар газдандырудың мерзімдері мен кезектерін нақтылау үшін көптеген сұрақтар қойды, осыған байланысты елорданың газдандырылған аудандарының тұрғындары арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет. Сонымен қатар газға қосылған тұрғындар арасында газды өшіру фактілері де болды.

Қауіпсіздік талаптарына сәйкес газ құбырлары басқа инженерлік желілер объектілерінен белгілі бір қашықтықта орналасуы керек. Қаланың инженерлік желілерін цифрландыру бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстарды ескере отырып, құбырлардың тұтастығын бұзу қаупін барынша азайту, жаңа қондырғыларды инженерлік желілерге қосу процесін және олардың тоқтаусыз жұмысын қамтамасыз ету мақсатында газ тарату желілерін цифрландыру бойынша шаралар қабылдау қажет.

Нұр-Сұлтан қаласының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. «Нұр-Сұлтан қаласын газдандыру бағдарламасын іске асыру барысы туралы» ақпарат назарға алынсын.

2. Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігіне тиісті мемлекеттік органдармен және ұйымдармен бірге:

Нұр-Сұлтан қаласын газдандыру бағдарламасын іске асыру бойынша жұмысты жалғастыру;

объектілерді газдандыру кезіндегі қауіпсіздік шараларын сақтауға арналған өртке қарсы жаттығулар, басқа да оқу-жаттығу шараларын өткізуді қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдау;

өрт қаупі жағдайында газдандыру объектілерін газбен жабдықтауды тоқтататын арнайы датчиктермен жүз процент қамтамасыз ету мүмкіндігін қарастыру;

«Газ және газбен жабдықтау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әр жабдықтаушымен газ жабдықтарына техникалық қызмет көрсету туралы шарт жасасуды қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдау;

тұтынушылардың кең ауқымын қаланы газдандыру жобасына қосуды қамтамасыз ететін механизмдерді қарастыру;

тұрғын үйді газдандыру үшін біржолғы әлеуметтік көмек алатын азаматтардың жекелеген санаттарының бар мүмкіндігін түсіндіре отырып, жобаны іске асыру мерзімі, қосылу тәртібі туралы елорданың газдандырылған

аудандарының тұрғындары арасында ауқымды ақпараттық жұмыстар жүргізуді қамтамасыз ету;

Нұр-Сұлтан қаласындағы газ тарату желілерін цифрландыруды қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдау ұсынылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының құрылыс, экология, көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

**Нұр-Сұлтан қаласы мәслихаты
сессиясының төрайымы**

Г. Данбаева

**Нұр-Сұлтан қаласы
мәслихаты хатшысының м.а.**

М. Шайдаров